

"Денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын және Дәрілік заттар мен медициналық бүйімдардың айналысы саласындағы субъектілерге фармацевтикалық көрсетілген қызметтердің құнын төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 138 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 7 ақпандағы № ҚР ДСМ-8/2020 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 10 ақпанда № 20000 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-210/2020 бүйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 27.11.2020 № ҚР ДСМ-210/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

**З Қ А И - н ы ң е ск е р т п е с і !**

**Осы бүйрық 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексі 25-бабының 3-тармағына сәйкес БҮЙЫРАМЫН:

1. "Денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын және Дәрілік заттар мен медициналық бүйімдардың айналысы саласындағы субъектілерге фармацевтикалық көрсетілген қызметтердің құнын төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 138 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16685 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 24 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Дәрілік заттар мен медициналық бүйімдардың айналысы саласындағы субъектілерге фармацевтикалық көрсетілген қызметтердің құнын төлеу қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Бірынғай дистрибуторға амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді көрсететін субъектілер мен денсаулық сақтау ұйымдарының нақты

көрсеткен фармацевтикалық қызметтері үшін ақы төлеуді қор әкімшінің тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелері мен төлемдері бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларында көзделген қаражат шегінде көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттары негізінде респубикалық бюджеттен бөлінетін трансфертердің есебінен және (немесе) қор активтерінің есебінен, сондай-ақ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілген фармацевтикалық қызметтер үшін - ағымдағы қаржы жылындағы бюджет қаражаты есебінен және қор активтерінің есебінен алдыңғы қаржы жылының соңғы айында жүзеге асырылады.".

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды үйлестіру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Зан департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі К.Т. Надыровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі*

*E. Биртанов*